

## Колледждің бірінші директоры А.Б.Байсеитовтың туыстарымен кездесу

**2018 жылдың 22 қыркүйегінде** колледжімізге қонақтар келді. Таныса келе, колледжіміздің бірінші директоры Байсеитов Азиз Байсеитовичтің туысқандары болып шықты.

Қаламызға қонаққа Алматы, Астана, Зайсан қалаларынан келіпті. Барлығының басы қосылғандықтан, аталары қызмет еткен оқу орнына арнайы жол салғандарын айтты.

Колледж директоры Ш.М.Жумаксанов өз кабинетінде қабылдап, ұзақ әңгімелесіп, А.Б.Байсеитовтың атымен ашылып жатқан № 129 математика кабинетімен таныстырды.

Аталары техникумның ең алғашқы директоры, білімі бойынша педагог, 1939 жылы «ұлтшыл» деп айыпталып, сотталғаны және 1961 жылы ақталғаны жайында біз біле бермейтін мәліметтермен бөлісті.



## Қала өлкетанушыларымен ынтымақтастық

2018 жылдың 18 қарашасында мұражай Кеңесінің мүшелері мен колледж оқушылары Семей қаласының өлкетанушылары ұйымдастырған іс-шараға қатысты.

Іс-шараны колледжіміздің бұрынғы директоры, қазіргі "Туған қалам" қоғамдық қорының басшысы А. В. Люй ашты.

Қонақтарға, көлік колледжінің ардагері және мұражай жетекшісі, қазіргі қала өлкетанушысы О. А. Исаевамен жиналған және ұсынылған "Шығыс шеңбері" автомобиль жолының құрылысы туралы бірегей материал ұсынылды.

Колледж оқушылары іс-шарада Ертіс өңірінің ақыны, көлік колледжінің әнұранының авторы Евгений Титаевпен кездесіп, естелікке суретке түсті.



**2019 жылдың 17 ақпанында** колледж мұражай Кеңесінің мүшелері мен 11ЭВП, 21 СМ топ оқушылары Абай кітапханасында қалалық өлкетанушылар өткізген іс-шараға қатысты.

«Прииртышье» өлкетану қоғамы 15 жылдығын атап өтті. Біздің колледж мұражайы олармен тығыз байланыста.

Мереке барысында өлкетанушылар өз жұмыстары туралы айтып, қонақтарға өздерінің олжалары мен жаңалықтарын, 300-ге жуық археологиялық және ғылыми экспедициялардың қатысуымен бүкіл өңір бойынша сапарларының фотосуреттерін көрсетті.



## Ауған –жауынгерлерімен кездесу

2019 жылдың 20 ақпанда «Көлік колледжі» КМҚК-ның акт залында Ауған соғысына қатысқан ардагерлер, колледж түлектерімен «Өшпес ерлікке мәңгі тағзым» атты Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылуына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған кездесу кеші өтті.

Кездесу кешіне интернационалист – жауынгерлер, колледж түлектері Цветков Александр Сергеевич пен Чернейкин Михаил Николаевич және Шарафуддинов Бахтияр Рахметтолаевич қатысты.

Кеш колледждің Әскери және Еңбек Даңқы мұражайы мен «Семей қаласының орталық мәдени және демалыс саябағы» ұжымының ұйымдастыруымен өткізілді.

Іс-шарамыз Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу арқылы олардың сұрапыл соғыста көрсеткен ерен ерліктерін айта отырып, жастардың бойындағы өрелік қабілеттерін кеңейту, Отанды қорғауға, ауызбіршілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсаттарын көздеді.



## «Шығыс шеңбері» атты автомобиль жолының құрылысына арналған іс-шара

2019 жылдың 5 наурызында оқытушы және колледж мұражайының жетекшісі болған, қазіргі таңда қала өлкетанушысы Исаева Ольга Андреевна Абай кітапханасы және колледж мұражайымен бірлесе отырып Семей, Өскемен және басқа да ШҚО елді мекендерін байланыстырған «Шығыс шеңбері» атты автомобиль жолының құрылысына арналған іс-шараны өткізді.

Колледждің 90 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған іс-шараға студенттер шақырылды, олар құрылыс тарихын қызығушылықпен тыңдады, сол кездегі адамдардың ерлігі туралы көп мағлұмат алды. «Шығыс шеңбері» автомобиль жолы 1940-1941 жылдары 72 күн ішінде салынды және оның ұзындығы 806 км. Оны халық құрылысы әдісімен салды және осы құрылыстың тікелей қатысушылары біздің оқу орнының оқытушылары мен оқушылары болды.

20 ғасырдың 30-40 жылдарының соңы көрсетілген көрме сол уақыттың өмірі мен тұрмыс-тіршілігін көз алдыға елестетуге көмектесті. Студенттер Абай кітапханасының қорынан сол уақытта шыққан кітаптармен, оның ішінде латын әліпбиіндегі оқулықтармен танысты, себебі бұл латын графикасын қазақ тілінде қолданудың соңғы жылдары болған. Сонымен қатар колледж мұражайы сирек кездесетін құжаттарды, сол кездегі бұйрықтар мен «Шығыс шеңбері» құрылыс орнынан фотосуреттерді ұсынды.





## «Оларды еске алайық ...» атты еске алу акциясы

2019 жылдың 2 мамырында колледждің акт залында мұражай Кеңесінің мүшелері 1 курс оқушыларымен бірге "Оларды еске алайық..." атты еске алу акциясын өткізді. Акция Ұлы Отан соғысына қатысқан біздің оқу орнының оқушыларына, оқытушыларына, қызметкерлеріне арналды.

Осы акция өз алдына келесі мақсаттарды қойды: Ұлы Отан соғысы туралы оқушылардың білімін кеңейту, тарихи есте сақтау сезімін тәрбиелеу, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсету; оқушылардың өз елінің және өз оқу орнының тарихына қызығушылығын дамыту; оқушыларды патриоттық тәрбиелеу саласында танымдық белсенділікті, коммуникативтік мәдениетті дамыту; өскелең ұрпақты соғысқа қатысқан, қайтыс болған қатысушыларды іздеу жұмыстарына тарту және әрбір отбасының ҰОС қосқан үлесі туралы бастаманы пайдалана білу.



## 90 жылдық мерейтойға арналған салтанатты лездеме

2019 жылдың 11 маусым күні «Көлік колледжі» КМҚК 90 жылдық туған күніне арналған колледж алаңында салтанатты лездеме өтті. Лездемені 2 курс студенттері Бәйсейітов атындағы атаулы степендия иегері Фархадов Ислам, колледждің белсендісі Сағынтай Гульфайруз және музей кеңесшілері Мұқаметқан Ахметхан және Момбаева Наргиз жүргізді.

Лездемеге колледж ардагерлері, түлектер, қонақтар келді. Білім ордасының алғашқы директоры Байсеитов Азиз Байсеитұлының немересі сөз сөйлеп, алғашқы директор атына ашылған математика кабинетіне өз алғысын білдірді. Колледж ардагері Исаева Ольга Андреевна, оқу-әдістемелік жұмысы бойынша директор орынбасары Жумаксанов Шаған Манапұлы колледжді құттықтап, алдағы уақытта тек жоғарыдан көрінуге тілектес екендерін жеткізді.

Колледж директоры Нугымаров Айбек Серікболұлы оқытушылар мен қызметкерлерді алғыс хатпен, үздік атанған 4 курс студенттерін сертификатпен марапаттады. Лездемеден кейін барлық келген қонақтар Абай атындағы театрға мерекелік концертке жол тартты.





## Колледждің құрметті қонақтары

Колледждің 90 жылдық мерейтойында құрметті қонақтардың бірі колледждің бірінші директоры Азиз Байсеитұлы Байсейітовтың туыстары болды. Қашықтықтарға қарамастан, олар Қазақстанның әр жағынан – Алматы, Зайсан, Қарағанды облысының Саран қаласынан келді.

Олардың ішінде ең белсенді және бастамашысы Мейірман Тоқайұлы Байсеитов, ол әрқашан біздің колледжбен тығыз байланыста болғандықтан, колледж директоры А.С.Нугымаров мерейтойлық медальмен марапаттады.

Мейірман Тоқайұлы Байсеитов колледжді мерейтойымен құттықтап, алғысын білдіріп, сыйлықтар беріп, бірінші директордың атаулы кабинетіне материалдық көмек көрсетті.

Біздің колледжге алғаш рет колледждің бірінші директорының немересі Тұрсын Серікұлы Байсеитов келді, ол мұражайға, атаулы кабинетке барып, өз атасы туралы көп жаңа мәліметтер білді.

Колледж бірінші директорының туыстары Азиз Байсеитұлы Байсеитовті ұмытпай, құрметтеп, аты аңызға айналған аталарын мақтан тұтатындары бізді қуантады.



## Колледж түлегімен кездесу

Көлік колледжінде **2019 жылы қарашаның 25-ші жұлдызында** кездесу кеші өткізілді. Кездесу кешін колледж мұражайымен бірлесе 3 курс студенттері 31 ДМ-к тобы ұйымдастырды. Қонақ ретінде «Жол құрылыс машиналарын техникалық пайдалану» мамандығының түлегі Кизатоллаев Медғат Маратұлы шақырылды. Медғат Маратұлы Семей қаласындағы Цемент зауытында жүк көлігі бөлімінде механик болып жұмыс істейді. Болашақ техник-механик біліктілігі бойынша білім алып жатқан студент жастарымен кездесе отырып, пікір алысуға, болашақ таңдаған мамандығына жүйелі көзқарас қалыптастыра отырып, кәсіби мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт бағдар берілді.

Кездесу барысында студенттер тарапынан сұрақтар қойылып, пікір алмасты. Алдағы уақытта кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек берілді.

## «Ардагерге қол ұшын бер ... »

Колледждегі тәрбие жұмысының мақсаттарының бірі - ардагерлермен, колледждің бұрынғы қызметкерлерімен шефтік жұмысты ұйымдастыру.

Осыған байланысты «Көлік колледжі» КМҚК мұражайы жыл сайын «Ардагерге қол ұшын бер ... » акциясын өткізеді.

«Ардагерге қол ұшын бер ... » акциясы колледж студенттеріне қайырымдылық істеріне тарту жолымен жақсылық жасау қажеттілігін қалыптастыруға және соғыс және еңбек ардагерлеріне шаруашылық бойынша нақты көмек көрсетуге, бос уақытын ұйымдастыруға және т. б. бағытталған.

Колледж студенттері осы акцияға белсенді қатысып, өздеріне бекітілген колледж ардагерлеріне барып, оларға көмек көрсетеді.

Сынып жетекшілерімен бірге, ардагерлерді мерекелермен құттықтап, колледжге концерттерге, мерекелік іс-шараларға шақырады, шаруашылықтарына көмек көрсетеді, аулаларда қарды тазалайды, ағаш кеседі және жинайды, т. б. жұмыстар атқарады.



**2020 жылдың 18 ақпанында** «Көлік колледжі» КМҚК акт залында колледждің Әскери және Еңбек Даңқы мұражайы «Семей қаласының Орталық мәдениет және демалыс саябағы» ұжымымен бірлесіп Ауған соғысы ардагерлерімен дәстүрлі кездесу ұйымдастырды.

Кешке интернационалист-жауынгерлер, колледж түлектері Цветков Александр Сергеевич, Чернейкин Михаил Николаевич, Гуров Александр Анатольевич шақырылды. Олар Ауғанстандағы қызметі, әскери күндері, әскердегі қызметке дайындық қажеттілігі, жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан сарбаздардың ерлігі туралы әңгімеледі.

Жиналғандар сол жылдардағы оқиғалар туралы тарихты үлкен қызығушылықпен тыңдады. Ешкім естеліктерге бей-жай қалмады. Жас жауынгерлер өзгелерді құтқару үшін өз өмірлерін құрбан етіп, батылдықпен қалай күрескендері жайлы әңгімелер балаларды таң қалдырды. Қаза тапқандарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

Сахнадан қаламыздың жас және атақты әртістері дайындаған патриоттық әндер шырқалды.

Біздің колледждің осы іс-шараға ерекше қатысы бар, өйткені 9 жыл ішінде біздің 60-тан астам жігіттеріміз Ауғанстанда қызмет етті. Олардың алдыңғылары дипломды қорғағаннан кейін бірден Кеңес Әскері қатарына жіберілді, өзінің интернационалдық борышын абыроймен атқарды!

